



Алматы қаласы

№ \_\_\_\_\_  
город Алматы

<b>«Нұрбанк» АҚ ұйымдастырылмаған бағалы қағаздардың рыногында өз акцияларын сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесі</b>	<b>БЕКІТІЛДІ</b> <b>«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысында</b> <b>« 28 » мамырында 2019 ж</b>
--	---

### Мазмұны

Рет №	Тараудың, параграфтың, қосымшаның нөмірі	Тараудың, параграфтың, қосымшаның атауы	Беттің нөмірі
1	1-Тарау	Жалпы ережелер	2
2	2-Тарау	Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздардың рыногында орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуының жалпы шарттары	3-4
3	3-Тарау	Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздардың рыногында орналастырылған акцияларды Банктің бастамасымен сатып алу	4-5
4	4-Тарау	Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздардың рыногында орналастырылған акцияларды акционерлердің талабымен сатып алу	5-7
5	5-Тарау	Акциялардың құнын айқындау әдістері	7
6	§ 1	Орташа өлшемденген құн бойынша акциялардың құнын айқындау әдісі	7
7	§ 2	Нарықтық құн бойынша акциялардың құнын айқындау әдісі	7
8	§ 3	Банктің жеке капиталы бойынша белгіленген құнды есепке ала отырып, акция көлемінің құнын айқындау әдісі	8
9	6-Тарау	Қорытынды ережелер	8

## 1-Тарау. Жалпы ережелер

1. «Нұрбанк» АҚ ұйымдастырылмаған бағалы қағаздардың рыногында өз акцияларын сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесі (бұдан былай – Әдістеме) 2003 жылдың 13 мамырындағы № 415-ІІ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының, 2003 жылдың 2 шілдесіндегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының, «Нұрбанк» АҚ (бұдан былай – Банк) Жарғысының талаптарына сәйкес әзірленді және «Нұрбанк» АҚ-ның ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында орналастырылған өзінің жай және артықшылықты акцияларын сатып алуда қолданылады.
2. Банк ұйымдастырылған бағалы қағаздардың рыногында акцияларды сатып алу істерін Қазақстан Республикасы заңнамасында және сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі ережелерінде белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.
3. Осы Әдістемеді келесі ұғымдар қолданылады:
  - 1) акция – Банк шығаратын және Банкті басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және Банк таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;
  - 2) делистинг – бағалы қағаздарды сауда-саттықты ұйымдастырушының тізімінен уақытша немесе тұрақты шығару;
  - 3) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногы – бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен, оның ішінде шетел валюталарымен және туынды қаржы құралдарымен мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылатын бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналыс саласы;
  - 4) ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногы – сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес мәмілелер жүзеге асырылатын эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналыс саласы;
  - 5) сауда-саттық ұйымдастырушы – қор биржасы және биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының баға белгілеу ұйымы;
  - 6) Банктің жауапты құрылымдық бөлімшелері – Банктің бастамасы бойынша немесе акционердің талабы бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында орналастырылған акцияларды бағалау, сатып алу үшін деректерді жинау және ұсыну процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелер;
  - 7) пруденциялық нормативтер – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген және банктік және өзге операцияларды және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге арналған лицензия негізінде Банк сақтауға жататын нормалардың қаржылық көрсеткіштері;
  - 8) орналастырылған акциялар – Банктің бағалы қағаздардың бастапқы нарығында құрылтайшылар мен инвесторлар құнын төлеген акциялары.

## **2-Тарау. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздардың рыногында орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуының жалпы шарттары**

4. Бұл Әдістеме Банктің ұйымдастырылмаған бағалы қағаздардың рыногында орналастырылған өз акцияларын сатып алу кезінде қолданысқа алынады:

- 1) Банктің бастамасымен;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда акционердің талабымен.

5. Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы оларды кейіннен сату, акционерлердің құқықтарын сақтау мақсатында (Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерге тиесілі Банк акцияларын сатып алу міндеті туындаған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банк Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда жүзеге асырылады.

6. Банк сатып алған және сатып алатын орналастырылған акциялардың жалпы саны Банктің орналастырылған акцияларының жалпы санының 25%-ынан аспауы тиіс, ал орналастырылған акцияларды сатып алу шығыстары Банктің меншікті капиталы мөлшерінің 10%-ынан аспауы тиіс:

1) орналастырылған акцияларды акционердің талабымен сатып алғанда – сол күнгі күй-жай бойынша:

а) акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдағанда (егер акционер Банкті қайта ұйымдастыру туралы мәселе қарастырылған акционерлердің жалпы жиналысына қатысса және қарсы дауыс берсе);

б) акционерлердің жалпы жиналысы Банктің акцияларына делистинг жасау туралы шешім қабылдағанда (егер акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол бұл жиналысқа қатысса және мұндай шешім қабылдауға қарсы дауыс берсе);

в) акционерлердің жалпы жиналысы аталмыш акционерге тиесілі акцияларға қатысты құқықтарын шектейтін Банктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдағанда (егер акционер мұндай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол бұл жиналысқа қатысса және мұндай шешім қабылдауға қарсы дауыс берсе);

г) сауда-саттық ұйымдастырушы Банктің акцияларына делистинг жасау туралы шешім қабылдағанда;

д) ірі мәміле жасау туралы және (немесе) Банктің мүддесі бар мәміле жасау туралы шешім қабылданғанда;

2) орналастырылған акцияларды Банктің бастамасымен сатып алғанда – Банктің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі күй-жай бойынша.

Осы тармақтың талаптары Банктің Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес бұрын сатып алған Қазақстан Республикасының Үкіметінен немесе ұлттық басқарушы холдингтен өз акцияларын сатып алу жағдайларына қолданылмайды.

7. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында Банктің орналастырған акцияларын өзі сатып алуына тыйым салатын негіздемелер болған жағдайда, Банктің орналастырған акцияларды сатып алуына құқығы жоқ.

8. Акционерлер Банкке сатып алуына өтініш берген орналастырылған акцияларының саны Банктің сатып алам деп жариялаған/Банктің сатып ала алатын акциялардың санынан артық болған жағдайда, мұндай акциялар акционерлердің қолдарындағы акциялардың санына пропорциялы болып келетін көлемде сатып алынады.

Акцияларды сатып алу пропорцияның коэффициенті келесі формула бойынша белгіленеді:

$$K = A / C, \text{ мұндағы}$$

K – пропорция коэффициенті;

A – Банктің сатып алам деп жариялаған/Банктің сатып ала алатын акциялардың жалпы саны;

C – Банкке сатып алуына өтініш берілген орналастырылған акцияларының жалпы саны.

Банктің акционерден сатып алатын акциялардың қорытынды саны акционердің Банкке сатып алуына өтінген акциялардың санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі және бүтін жағына қарай дөңгелектенеді.

9. Орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

### **3-Тарау. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздардың рыногында орналастырылған акцияларды Банктің бастамасымен сатып алу**

10. Келесі жағдайларда Банк өз бастамасы бойынша өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқығы жоқ:

1) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің жеке капиталының көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жарғылық капитал көлемінен төмендеп кетсе;

2) егер акцияларды сатып алу сәтінде Банктің төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілері Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес деп танылатын болса немесе барлық талап етілген немесе болжанған акцияларды түгелдей сатып алу нәтижесінде аталмыш белгілер пайда болса;

3) егер сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы оны жою туралы шешім қабылдаса;

4) егер сатып алу салдары пруденциялық нормативтердің кез келгенінің және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Банкке арнайы белгілеген, орындалуы міндетті нормалар мен лимиттердің бұзылуына алып келсе.

11. Банктің акцияларды сатып алуы туралы мәселені қарау үшін материалдарда:

1) Банктің орналастырылған акцияларын сатып алудың орындылығының және/немесе сатып алу мақсатының негіздемесі;

2) Банк сатып алатын акциялардың ұсынылатын саны мен түрі;

3) акцияларды сатып алудың ұсынылатын бағасы;

4) акцияларды сатып алудың ұсынылатын мерзімі;

5) акцияларды сатып алудың өзге де шарттары болуы тиіс.

Бұл ретте, акцияларды сатып алу бағасы осы Әдістеменің 5-тарауына сәйкес айқындалады:

- 1) орташа өлшенген баға бойынша;
  - 2) нарықтық баға бойынша;
  - 3) Банктің меншікті капиталының мөлшерін ескере отырып белгіленген баға бойынша.
12. Банктің Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінде сатып алынатын акциялардың саны, түрі, осы Әдістемеге сәйкес айқындалған сатып алу бағасы, сондай-ақ Банктің орналастырылған акцияларды сатып алудың өзге де талаптары көрсетілуі тиіс. Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алған кезде шешімде сатып алуға өтінімдер қабылданатын мерзім және акцияларды сатып алу жүзеге асырылатын мерзім болуы тиіс, ол аяқталғаннан кейін Банк оларды сатып алудан бас тартуға құқылы.
13. Орналастырылған акциялардың Банктің бастамасымен сатып алынатын саны оның жалпы санынан бір пайызға артып кетсе, онда акцияларды сатып алу-сату мәмілесі (мәмілелер) жасалғанға дейін Банк өз акционерлеріне мұндай сатып алу туралы жариялауы тиіс.
14. Банктің өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы хабарландыруында ол сатып алатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, мерзімі және оларды сатып алу шарттары, сатып алуға өтінімдер қабылданатын мерзім және акцияларды сатып алу жүзеге асырылатын және ол аяқталғаннан кейін Банк оларды сатып алудан бас тартуға құқылы мерзім туралы мәліметтер болуға тиіс. Хабарландыру қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға тиіс.
15. Егер акционерлер сатып алуға мәлімдеген Банктің орналастырылған акцияларының саны Банк сатып алуға жариялаған акциялардың санынан асып кеткен жағдайда, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына бара-бар сатып алынады.
16. Банктің акционерден акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Банк Басқармасының ресми орналасқан жері бойынша тараптардың акцияларды сатып алу-сату келісімшартына қол қоюы арқылы жүзеге асырылады. Акцияларды сатып алу-сату бойынша құжаттарды ресімдеу үшін жарамсыз/уақытша жеке куәліктер мен төлқұжаттар қабылданбайды. Акцияларды сатып алу-сату келісімшартында акционердің банктік деректемелері көрсетілуі тиіс. Акционермен түпкілікті есеп айырысу акцияларды сатып алу-сату келісімшартына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4-Тарау. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздардың рыногында орналастырылған акцияларды акционерлердің талабымен сатып алу**

17. Акционердің талабымен Орналастырылған акциялар сатып алу ісін Банк атқаруы тиіс және ол келесі жағдайларда орын алуы тиіс:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдағанда (егер акционер Банкті қайта ұйымдастыру туралы мәселе қарастырылған акционерлердің жалпы жиналысына қатысса және қарсы дауыс берсе);

- 2) акционерлердің жалпы жиналысы Банктің акцияларына делистинг жасау туралы шешім қабылдағанда (егер акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол бұл жиналысқа қатысса және мұндай шешім қабылдауға қарсы дауыс берсе);
- 3) сауда-саттық ұйымдастырушы Банктің акцияларына делистинг жасау туралы шешім қабылдағанда;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және (немесе) Банк Жарғысында белгіленген тәртіпте қабылданған ірі мәміле жасау туралы және (немесе) Банктің мүддесі бар мәміле жасау туралы шешіммен келіспегенде;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысы аталмыш акционерге тиесілі акцияларға қатысты құқықтарын шектейтін Банктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдағанда (егер акционер мұндай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол бұл жиналысқа қатысса және мұндай шешім қабылдауға қарсы дауыс берсе).

18. Акционер осы Әдістеменің 17-тармағында көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап немесе сауда-саттық ұйымдастырушының Банк акцияларына делистинг жасау туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банкке жазбаша өтініш жіберу арқылы өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талаптарын Банкке қоюға құқылы.

19. Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші жазбаша нысанда баяндалуға және сатып алу туралы нақты және бір мәнді талапты, акционер сатып алуға қоятын акциялардың саны мен түрін көрсетуге, оған байланысты акционер өтінім беретін шешімді, акционердің мекен-жайы мен байланыс телефондарын, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де мәліметтерді қамтуға тиіс.

20. Акционердің өзіне тиесілі акцияларын сатып алу туралы өтініші Банкке, Банк Басқармасының ресми орналастырылған мекеніне жіберілуі тиіс. Банк Басқармасының Төрағасы Аппаратының кеңсесінде оның өтінішін тіркеген күн акционердің өтінішін алған күн болып табылады.

21. Акционер өзіне тиесілі акцияларын сатып алу туралы өтінішін берген жағдайда, Банк акционердің өтінішін алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, осы Әдістеменің 6-7 тармақтарында қарастырылған шарттарды сақтай отырып, акционерге тиесілі акцияларды сатып алуға міндетті.

Банк осы Әдістеменің 17-тармағында көрсетілген негіздер болмаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда акционерге акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы. Акцияларды сатып алудан бас тартқан кезде акционерге берілетін хабарламада Банктің акционерге тиесілі акцияларды сатып алудан бас тарту себебі көрсетіледі.

Банк акцияларды сатып алумен немесе акционердің өтінішінде жазылған мәміле шарттарымен келіспеген жағдайда акционерге акцияларды сатып алудан бас тартуға немесе мәміле шарттары бойынша келісімге қол жеткізу үшін акционермен келіссөздер жүргізуге құқылы. Тараптар сатып алу бағасы бойынша келісімге қол жеткізбеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

22. Акционерлердің акцияларды сатып алу туралы өтінішін Банк акционерлерден бірінші өтінішті алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей қарауға тиіс.

23. Банктің Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінде сатып алынатын акциялардың саны, түрі, осы Әдістемеге сәйкес белгіленген сатып алу бағасы, сондай-ақ Банктің орналастырылған акцияларды акционерлердің талап етуі бойынша сатып алудың өзге де талаптары көрсетілуі тиіс.

24. Сатып алу туралы шешім қабылданған кезде акционерге берілетін хабарламада одан сатып алынатын акциялардың түрі, саны, бағасы, сондай-ақ акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеу үшін қажетті өзге де шарттар мен құжаттар тізбесі көрсетіледі.

25. Егер акционерлер сатып алуға мәлімдеген Банктің орналастырылған акцияларының саны Банк сатып алуы мүмкін акциялардың санынан асып кеткен жағдайда, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына бара-бар сатып алынады.

26. Банктің акционерден акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Банктің бас кеңсесінде тараптардың акцияларды сатып алу-сату келісімшартына қол қоюы арқылы жүзеге асырылады. Акцияларды сатып алу-сату бойынша құжаттарды ресімдеу үшін жарамсыз/уақытша жеке куәліктер мен төлқұжаттар қабылданбайды. Акцияларды сатып алу-сату келісімшартында акционердің банктік деректемелері көрсетілуі тиіс. Акционермен түпкілікті есеп айырысу акцияларды сатып алу-сату келісімшартына сәйкес жүзеге асырылады.

## **5-Тарау. Акциялардың құнын айқындау әдістері**

### **§ 1. Орташа өлшемденген құн бойынша акциялардың құнын айқындау әдісі**

27. Акциялардың орташа өлшемденген құны Банктің Директорлар кеңесінің акцияларды сатып алу туралы мәселені қарастырған күннен бұрынғы бағалы қағаздардың сауда-саттықтарын ұйымдастырушының соңғы 10 (он) күнтізбелік күн ішіндегі ресми мәліметтерінің негізінде есептеледі. Акциялардың соңғы 10 (он) күнтізбелік күндегі орташа өлшемденген құны ретінде аталған кезең ішінде акциялармен жасалған мәмілелердің ақшалай мәндегі көлемін осы мәмілелерге қатысқан акциялардың санына бөлу нәтижесінен алынған құндар есептелді.

### **§ 2. Нарықтық құн бойынша акциялардың құнын айқындау әдісі**

28. Акциялар нарықтық құнына қарай сатып алынуы мүмкін. Бұл ретте Банктің Директорлар кеңесі акциялар сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі сауда-саттықты ұйымдастырушы белгілеген немесе акциялардың сұранысына қарай (ұйымдастырылған бағалы қағаздардың рыногында құн болмаған жағдайда) белгіленген құн нарықтық құн ретінде мойындалады.

### **§ 3. Банктің жеке капиталы бойынша белгіленген құнды есепке ала отырып, акция көлемінің құнын айқындау әдісі**

29. Банктің орналастырылған акцияларды сатып алу кезінде Банктің жеке капиталының көлемі, оның даму келешегі, Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының пруденциялық нормативтерді Банктің сақтауына қатысты бөлігі есепке алына отырып және бағалы қағаздар құнының құрылуына ықпал ететін басқа да факторларды есепке ала отырып, белгіленген құн бойынша Банк сатып алуы мүмкін.

#### **6-Тарау. Қорытынды ережелер**

30. Осы Әдістеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шешілуі тиіс.

31. Осы Әдістеменің дұрыс пайдаланылуын бақылауды және жауапкершілікті Банктің барлық жауапты құрылымдық бөлімшелері артады.

32. Осы Әдістеме, оны акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

33. Осы Әдістемені акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен күннен бастап, 2015 жылдың 18 мамырында «Нұрбанк» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен «Нұрбанк» АҚ сатып алған кезде акциялардың құнын анықтау әдістемесі күшін жояды.





Алматы қаласы

№ \_\_\_\_\_  
город Алматы

<b>Методика определения стоимости акций при их выкупе АО «Нурбанк» на неорганизованном рынке ценных бумаг</b>	<b>УТВЕРЖДЕНА</b> <b>общим собранием акционеров</b> <b>АО «Нурбанк»</b>  <b>от «28» мая 2019 г</b>
---	--

### Оглавление

№ № п/п	Номер главы, параграфа, приложения	Наименование главы, параграфа, приложения	Номер страницы
1	Глава 1	Общие положения	2
2	Глава 2	Общие условия выкупа Банком размещенных акций на неорганизованном рынке ценных бумаг	3-4
3	Глава 3	Выкуп размещенных акций по инициативе Банка на неорганизованном рынке ценных бумаг	4-5
4	Глава 4	Выкуп размещенных акций по требованию акционера на неорганизованном рынке ценных бумаг	5-7
5	Глава 5	Методики определения стоимости акций	7
6	§ 1	Методика определения стоимости акции по средневзвешенной цене	7
7	§ 2	Методика определения стоимости акции по рыночной цене	7
8	§ 3	Методика определения стоимости акции по цене, установленной с учетом размера собственного капитала Банка	7
9	Глава 6	Заключительные положения	8

## Глава 1. Общие положения

1. Настоящая Методика определения стоимости акций при их выкупе АО «Нурбанк» на неорганизованном рынке ценных бумаг (далее – Методика) разработана в соответствии с требованиями Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах» от 13 мая 2003 года № 415-ІІ, Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг» от 2 июля 2003 года № 461-ІІ, Устава АО «Нурбанк» и применяется при выкупе АО «Нурбанк» (далее – Банк) своих размещенных простых и привилегированных акций на неорганизованном рынке ценных бумаг.

2. Выкуп акций Банком на организованном рынке ценных бумаг осуществляется в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан и внутренними правилами организатора торгов.

3. В настоящей Методике используются следующие понятия:

1) акция – ценная бумага, выпускаемая Банком и удостоверяющая права на участие в управлении Банком, получение дивиденда по ней и части имущества Банка при его ликвидации, а также иные права, предусмотренные законодательными актами Республики Казахстан;

2) делистинг – временное или постоянное исключение ценных бумаг из списка организатора торгов;

3) неорганизованный рынок ценных бумаг – сфера обращения ценных бумаг и иных финансовых инструментов, в которой сделки с ценными бумагами и иными финансовыми инструментами, в том числе иностранными валютами и производными финансовыми инструментами, осуществляются без соблюдения требований, установленных внутренними документами организатора торгов;

4) организованный рынок ценных бумаг – сфера обращения эмиссионных ценных бумаг и иных финансовых инструментов, сделки с которыми осуществляются в соответствии с внутренними документами организатора торгов;

5) организатор торгов – фондовая биржа и котировочная организация внебиржевого рынка ценных бумаг;

6) ответственные структурные подразделения Банка – структурные подразделения участвующие в процессе сбора и предоставления данных для оценки, выкупа размещенных акций по инициативе Банка либо по требованию акционера, на неорганизованном рынке ценных бумаг;

7) пруденциальные нормативы – финансовые показатели норм, установленные уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, и подлежащие соблюдению Банком на основе лицензии на проведение банковских и иных операций и деятельности на рынке ценных бумаг;

8) размещенные акции – акции Банка, оплаченные учредителями и инвесторами на первичном рынке ценных бумаг.

## **Глава 2. Общие условия выкупа Банком размещенных акций на неорганизованном рынке ценных бумаг**

4. Действие настоящей Методики распространяется на случаи выкупа Банком размещенных им акций на неорганизованном рынке ценных бумаг:

- 1) по инициативе Банка;
- 2) по требованию акционера в случаях, установленных законодательством Республики Казахстан.

5. Выкуп Банком размещенных акций осуществляется с целью их последующей продажи, соблюдения прав акционеров (при возникновении у Банка обязанности выкупить принадлежащие акционеру акции Банка в соответствии с законодательством Республики Казахстан) или в иных целях, не противоречащих законодательству Республики Казахстан и Уставу Банка.

6. Общее количество выкупленных и выкупаемых Банком размещенных акций не должно превышать 25% от общего количества размещенных акций Банка, а расходы на выкуп размещенных акций не должны превышать 10% от размера собственного капитала Банка:

- 1) при выкупе размещенных акций по требованию акционера – по состоянию на дату:
  - а) принятия общим собранием акционеров решения о реорганизации Банка (если акционер принимал участие в общем собрании акционеров, на котором рассматривался вопрос о реорганизации Банка, и голосовал против нее);
  - б) принятия общим собранием акционеров решения о делистинге акций Банка (если акционер не участвовал в общем собрании акционеров или если он принимал участие в этом собрании и голосовал против принятия указанного решения);
  - в) принятия общим собранием акционеров решения о внесении изменений и дополнений в Устав Банка, ограничивающих права по акциям, принадлежащим данному акционеру (если акционер не участвовал в общем собрании акционеров, на котором было принято такое решение, или если он принимал участие в этом собрании и голосовал против принятия указанного решения);
  - г) принятия организатором торгов решения о делистинге акций Банка;
  - д) принятия решения о заключении крупной сделки и (или) сделки, в совершении которой у Банка имеется заинтересованность;

2) при выкупе размещенных акций по инициативе Банка – по состоянию на дату принятия решения о выкупе размещенных акций Банка.

Требования настоящего пункта не распространяются на случаи выкупа Банком собственных акций у Правительства Республики Казахстан либо национального управляющего холдинга, ранее приобретенных ими в соответствии с банковским законодательством Республики Казахстан.

7. Банк не вправе осуществлять выкуп размещенных им акций при наличии предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан оснований, запрещающих осуществление Банком выкупа размещенных им акций.

8. В случае, если количество размещенных акций Банка, заявленных акционерами к выкупу, превышает количество акций, которое объявлено Банком к выкупу/которые

могут быть выкуплены Банком, эти акции выкупаются у акционеров пропорционально количеству принадлежащих им акций.

Коэффициент пропорции выкупа акций устанавливается по следующей формуле:

$$K = A / C, \text{ где}$$

$K$  – коэффициент пропорции;

$A$  – общее количество акций, объявленных Банком к выкупу/которое может быть выкуплено Банком;

$C$  – общее количество, заявленных к выкупу размещенных акций Банка.

Окончательное количество акций, которое выкупается Банком у акционера, рассчитывается путем умножения количества заявленных акционером к выкупу акций на коэффициент пропорции и округляется до целого в меньшую сторону.

9. Решение о выкупе размещенных акций принимается Советом директоров Банка.

### **Глава 3. Выкуп размещенных акций по инициативе Банка на неорганизованном рынке ценных бумаг**

10. Банк не вправе выкупать свои размещенные акции по своей инициативе:

1) если в результате выкупа акций размер собственного капитала Банка станет меньше размера минимального уставного капитала, установленного законодательством Республики Казахстан;

2) если на момент выкупа акций Банк отвечает признакам неплатежеспособности или несостоятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве либо указанные признаки появятся у него в результате выкупа всех требуемых или предполагаемых к выкупу акций;

3) если судом или общим собранием акционеров Банка принято решение о его ликвидации;

4) если выкуп приведет к нарушению любого из пруденциальных нормативов и других обязательных к соблюдению норм и лимитов, установленных для Банка уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций.

11. Для рассмотрения вопроса о выкупе акций Банком, материалы должны содержать:

1) обоснование целесообразности выкупа и/или цели выкупа размещенных акций Банка;

2) предлагаемое количество и вид выкупаемых акций Банком;

3) предлагаемую цену выкупа акций;

4) предлагаемый срок выкупа акций;

5) иные условия выкупа акций.

При этом, цена выкупа акции определяется в соответствии с главой 5 настоящей Методики:

1) по средневзвешенной цене;

2) по рыночной цене;

3) по цене, установленной с учетом размера собственного капитала Банка.

12. Решение Совета директоров Банка о выкупе размещенных акций должно содержать указание на количество, вид выкупаемых акций, цену выкупа, определенную согласно настоящей Методике, а также иные условия выкупа Банком размещенных акций. При выкупе размещенных акций по инициативе Банка, решение должно содержать срок, в течение которого принимаются заявки на выкуп, и срок, в течение которого осуществляется выкуп акций, по истечении которого Банк вправе отказаться от их выкупа.

13. Если количество выкупаемых по инициативе Банка его размещенных акций превышает один процент от их общего количества, до заключения сделки (сделок) купли-продажи акций Банк обязан объявить о таком выкупе своим акционерам.

14. Объявление Банка о выкупе своих размещенных акций должно содержать сведения о видах, количестве выкупаемых им акций, цене, сроке и об условиях их выкупа, сроке, в течение которого принимаются заявки на выкуп, и сроке, в течение которого осуществляется выкуп акции и по истечении которого Банк вправе отказаться от их выкупа. Объявление должно быть опубликовано на казахском и русском языках на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности.

15. В случае если количество размещенных акций Банка, заявленных акционерами к выкупу, превышает количество акций, которое объявлено Банком к выкупу, эти акции выкупаются у акционеров пропорционально количеству принадлежащих им акций.

16. Выкуп Банком акций у акционера осуществляется путем подписания сторонами по официальному месту нахождения Правления Банка договора купли-продажи акций в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан. Для оформления документов по купле-продаже акций не принимаются недействительные/временные удостоверения личности и паспорта. Договор купли-продажи акций должен содержать указание на банковские реквизиты акционера. Окончательный расчет с акционером осуществляется в соответствии с договором купли-продажи акций.

#### **Глава 4. Выкуп размещенных акций по требованию акционера на неорганизованном рынке ценных бумаг**

17. Выкуп размещенных акций должен быть произведен Банком по требованию акционера Банка, которое может быть предъявлено им в случаях:

- 1) принятия общим собранием акционеров решения о реорганизации Банка (если акционер принимал участие в общем собрании акционеров, на котором рассматривался вопрос о реорганизации Банка, и голосовал против нее);
- 2) принятия общим собранием акционеров решения о делистинге акций Банка (если акционер не участвовал в общем собрании акционеров или если он принимал участие в этом собрании и голосовал против принятия указанного решения);
- 3) принятия решения организатором торгов о делистинге акций Банка;
- 4) несогласия с решением о заключении крупной сделки и (или) решением о заключении сделки, в совершении которой Банком имеется заинтересованность,

принятыми в порядке, установленном законодательства Республики Казахстан и (или) Уставом Банка;

5) принятия общим собранием акционеров решения о внесении изменений и дополнений в Устав Банка, ограничивающих права по акциям, принадлежащим данному акционеру (если акционер не участвовал в общем собрании акционеров, на котором было принято такое решение, или если он принимал участие в этом собрании и голосовал против принятия указанного решения).

18. Акционер вправе в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня принятия решения, указанного в пункте 17 настоящей Методики, или со дня принятия решения организатором торгов о делистинге акций Банка предъявить Банку требование о выкупе принадлежащих ему акций посредством направления Банку письменного заявления.

19. Заявление акционера о выкупе принадлежащих ему акций должно быть изложено в письменной форме и содержать четкое и однозначное требование о выкупе, указание на количество и вид акций, которые предъявляются акционером к выкупу, решение, в связи с которым акционер подает заявку, адрес и контактные телефоны акционера, а также иные сведения при необходимости.

20. Заявление акционера о выкупе принадлежащих ему акций должно направляться в Банк по официальному месту нахождения Правления Банка. Датой получения заявления акционера Банком является дата регистрации его заявления в Канцелярии Аппарата Председателя Правления Банка.

21. В случае подачи акционером заявления о выкупе принадлежащих ему акций, Банк обязан выкупить принадлежащие ему акции в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня получения заявления акционера с соблюдением условий, предусмотренных в пунктах 6-7 настоящей Методики.

Банк вправе отказать акционеру в выкупе акций при отсутствии оснований, указанных в пункте 17 настоящей Методики, а также в иных случаях, установленных законодательством Республики Казахстан. При отказе от выкупа акций, в уведомлении акционеру указывается причина отказа от выкупа Банком принадлежащих акционеру акций.

Банк вправе отказать акционеру в выкупе акций при несогласии с выкупом акций или условиями сделки, изложенными в заявлении акционера, или вступить с акционером в переговоры для достижения соглашения по условиям сделки. В случае недостижения согласия сторонами по цене выкупа спор решается в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.

22. Заявление акционеров о выкупе акций должно быть рассмотрено Банком не позднее 30 (тридцати) календарных дней со дня получения первого заявления от акционеров.

23. Решение Совета директоров Банка о выкупе размещенных акций должно содержать указание на количество, вид выкупаемых акций, цену выкупа, определенную согласно настоящей Методике, а также иные условия выкупа Банком размещенных акций по требованию акционеров.

24. При принятии решения о выкупе, в уведомлении акционеру указывается вид, количество, цена выкупаемых у него акций, а также иные условия и перечень документов, необходимых для оформления сделки купли-продажи акций.

25. В случае если количество размещенных акций Банка, заявленных акционерами к выкупу, превышает количество акций, которые могут быть выкуплены Банком, эти акции выкупаются у акционеров пропорционально количеству принадлежащих им акций.

26. Выкуп Банком акций у акционера осуществляется путем подписания сторонами в головном офисе Банка договора купли-продажи акций в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан. Для оформления документов по купле-продаже акций не принимаются недействительные/временные удостоверения личности и паспорта. Договор купли-продажи акций должен содержать указание на банковские реквизиты акционера. Окончательный расчет с акционером осуществляется в соответствии с договором купли-продажи акций.

## **Глава 5. Методики определения стоимости акций**

### **§ 1. Методика определения стоимости акции по средневзвешенной цене**

27. Расчет средневзвешенной цены акций производится на основании официальных данных организаторов торгов ценными бумагами за последние 10 (десять) календарных дней, предшествующих дате рассмотрения вопроса о выкупе акций Советом директоров Банка. Средневзвешенной ценой акций за последние 10 (десять) календарных дней признается цена, полученная в результате деления объема сделок с акциями в денежном выражении за данный период времени на количество акций в этих сделках.

### **§ 2. Методика определения стоимости акции по рыночной цене**

28. Выкуп акций может производиться по их рыночной цене. При этом, рыночной ценой признается рыночная цена акции, определенная организатором торгов, либо цена котировки спроса акций (в случае отсутствия рыночной цены на организованном рынке ценных бумаг) на дату принятия Советом директоров Банка решения о выкупе акций.

### **§ 3. Методика определения стоимости акции по цене, установленной с учетом размера собственного капитала Банка**

29. Выкуп Банком размещенных акций может производиться по цене, установленной с учетом размера собственного капитала Банка, перспектив его развития, требований законодательства Республики Казахстан в части соблюдения Банком пруденциальных нормативов и с учетом иных факторов, влияющих на ценообразование ценных бумаг.

## **Глава 6. Заключительные положения**

30. Вопросы, неурегулированные настоящей Методикой, подлежат разрешению в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
31. Контроль и ответственность за правильность использования настоящей Методики несут все ответственные структурные подразделения Банка.
32. Настоящая Методика вводится в действие с даты ее утверждения общим собранием акционеров.
33. С даты утверждения общим собранием акционеров настоящей Методики, утрачивает силу Методика определения стоимости акций при их выкупе АО «Нурбанк», утвержденная общим собранием акционеров АО «Нурбанк» 18 мая 2015 года.